

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

«Мирас» университеті

Педагогика, өнер және тілдер факультеті

Педагогика және дизайн кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Университет ректоры

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Университет «Мирас»

Факультет педагогика, искусства и языков

Кафедра педагогика и дизайна

УТВЕРЖДАЮ

Ректор университета


(қолы/подпись)

Мырзалиев Б.А.
(А.Ж.С./Ф.И.О.)

« 31 »

2017ж.г.



5B010200 – «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»

мамандығы

**МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
МОДУЛЬНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА**

по специальности

5B010200 – «Педагогика и методика начального обучения»

Оқу бағдарламаның дәрежесі:

Бакалавриат (Ba)

Уровень образовательной программы:

Бакалавриат (Ba)

Оқудың басы:

2017-2018 оқу жылы

Начало обучения:

2017-2018 учебный год

Ғылыми Кеңес мәжілісінің хаттамасы

Протокол заседания Ученого Совета

№ Хаттама от

Протокол № 10 « 31 » 05 2017 ж/г.

Модульдік білім беру бағдарламасы 5B010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша 2012 жыл 23-ші тамызда № 1080 ҚР-сы Үкіметінің Қаулысымен бекітіліп, МЖБС жоғарғы біліміне сәйкес құрастырылған (2016.13.05. берілген өзгерістермен), ҚР БҒМ-нің м.а. 2013 жылғы 16-шы тамыздағы № 343 бұйрығымен бекітілген (2016.05.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) 5B010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған.

Модульдік білім беру бағдарламасы 2017 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізіліп, университеттің Оқу Кеңесімен ұсынылды, хаттама № 10 31.05.2017 ж.

Әзірлеушілер:

1. Омарова Г.А., п.ғ.к., педагогика және психология кафедрасының доценті
2. Атемова К.Т., п.ғ.д., педагогика және психология кафедрасының профессоры
3. Шоманбаева А.О., п.ғ.к., педагогика және психология кафедрасының доценті
4. Исакова С.А., Лермонтов атындағы № 17 жалпы орта мектебінің директоры
5. Қозыбекова А.А., № 38 Н.Оңдасынов атындағы гимназия мектебінің оқу-ісі жөніндегі директордың орынбасары

«Мирас» университетінің осы модульдік білім беру бағдарламасы жекеменшік болып табылады және ЖОО-ның оқыту қызметіндегі ішкі қолдануға арналған

МАЗМҰНЫ

1	Модульдік білім беру бағдарламасының төлқұжаты
1.1	Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.....
1.2	Білім беру бағдарламасына сипаттама.....
1.3	Мамандарды болашақта жұмысқа орналастыру.....
1.4	Бітірушілерге біліктілік сипаттамасы.....
1.4.1	Кәсіби қызмет саласы.....
1.4.2	Кәсіби қызмет нысаны.....
1.4.3	Кәсіби қызмет мәні.....
1.4.4	Кәсіби қызмет түрі.....
1.4.5	Кәсіби қызметтің функциялары.....
1.4.6	Кәсіби қызметтің типтік міндеттері.....
1.4.7	Кәсіби қызметтің бағыттары.....
1.4.8	Кәсіби қызмет мазмұны.....
2	Оқыту нәтижесі және негізгі құзырет
2.1	Оқыту нәтижелерінің картасы.....
2.2	Компетенция дескрипторларын білім беру бағдарламасының модульдеріне оқыту нәтижесімен түйіндестіру қалыптамасы.....
3	Модульдік білім беру бағдарламасы
3.1	Оқу үрдісінің кестесі.....
3.2	Модульдік білім беру көлемінің бағдарламасымен игерілген кредиттер санын көрсететін жиынтық кесте.....
3.3	Білім беру бағдарламасының картасы
4	Оқуға қабылдау ережелері
5	Білім алушылар жетістіктерін бақылау түрі

1 Модульдік білім беру бағдарламасының төлқұжаты

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Басты мақсаты: 5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша өзіндік жұмыс үшін білім саласында жоғары білімді мамандардың сапасына заманауи талаптарға жауап беретін, білім саласындағы бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау және оқытудың инновациялық технологияларын енгізу арқылы практикалық дағдыларды және көшбасшылық қасиетті меңгеген жоғары білікті кадрларды дайындауға бағытталған білімді іске асыру.

Білім беру ұстанымы білім беру және ғылымның негізгі ұстаныма сәйкес құрылады, сондықтан оқыту студенттердің академиялық мобильді және еңбек нарығына бейімделуіне бағытталған.

Кіріс бағдарламаларының бағалау критерилерінің айқындығы мен қарым-қатынасының халықаралық стандартқа сәйкестігі.

Мамандық пәндерін оқытудағы білім беру стратегиясының бірыңғай және әртүрлілігінің парасаттылығы төмендегідей:

- барлық факультеттердің негізгі концепциясы - курсты ұйымдастыруы, сондай-ақ бағалау өлшемі, қадағалау формалары мен құралдарының бірыңғайлығы;
- жеке курстардың кафедра түлектерінің сұранысы, сондай-ақ негізгі курстарға қосымша таңдалған курстардың стратегиясының ыңғайлылығы, әртүрлі факультеттердің мақсаты мен міндетінің ерекшелігі;
- қазіргі таңдағы білім берудегі модернизациялау талабына сәйкес кешенді әдістемелер және оқыту әдістерін пәндерді оқыту барысында қазіргі заман білім беру технологияларын қолдану;

Пәнаралық ұйқастық. Пәнаралық үйлесімдік ұстанымы әртүрлі пәндердің мәмлелігі олардың қайталанбауында, сонымен қатар білім алушының пәндерді және қоршаған органы біртұтас қабылдауын қалыптастыру нәтижесінде жалпы ғылыми пәндер мен арнайы пәндерді оқыту барысында кәсіби ортада біліктілік құзыреттілік қарым- қатынас қалыптасады.

Пәндерді оқыту жоспарында білім алушының келешек мамандығы мен кәсіби қызығушылығын білім берудегі (мамандығын есепке алу) кәсіби оқыту принципі қарастырылады.

Қазіргі таңдағы білім берудегі модернизациялау білім беру мазмұнының жаңару тұжырымдамасына біліктілікті қарауды талап етеді.

Осы тұжырымдамаға сәйкес, аталған бағдарламаға төмендегідей мақсаттар енгізіледі:

1. Педагогика мен психология саласында теориялық және практикалық білімнің кең диапазонын құру;
2. Болашақ мамандардың негізгі кәсіби біліктілігін қалыптастыру;
3. Болашақ педагогтар, бастауыш сынып оқытушыларының кәсіби қызметі үшін базалық болып табылатын коммуникативтік құзіреттерді қалыптастыру;
4. Өзіндік оқу, одан ары қарай кәсіби қызметті ұйымдастыру және бақылау дағдыларын қалыптастыру;
5. Өзіндік даму үшін құзіретке ие, және экономиканың жылдам өзгеру жағдайында жылдам бейімделетін құзіретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу;
6. Педагогикалық экспериментті өткізу шеңберінде студенттердің өзіндік іздеу-зерттеу қызметтері үшін үлгілер құру;
7. Ақпарат көздерімен жұмыс жасау қабілеті, кәсіби қызметте отандық және шетелдік педагогикалық тәжірибені қолдану.

Бакалаврдың кәсіби қызмет түрлеріне (білім алудың бірінші деңгейі) сәйкес МОП келесі міндеттерді шешеді:

Білім беру саласында:

- жалпы білім беру және арнайы мектептердегі бастауыш сыныптарында, колледж, лицей, гимназияларда мұғалім болып жұмыс істеу;

Ғылыми-зерттеу саласында:

- ғылыми-әдістемелік жұмыстарды орындау, ғылыми-әдістемелік ұйымдардың жұмыстарына қатысу;

- оқытушылық қызмет барысында ғылыми-зерттеу жобаларды іске асыру;

- қажетті ақпараттарды кітапхана қорынан және электронды ресурстардан, желілік ресурстардан талдау және жүйелендіру мақсатында іздей ала білу қабілеті;

- жүргізілетін зерттеулер тақырыбы бойынша кіріспе, аннотациялар дайындау, рефераттар мен библиографиялар құру;

- өзінің педагогикалық біліктілігін көтеру мақсатында өзін-өзі талдау, өзін-өзі дамыту және өзін-өзіне баға беру.

Оқу-тәрбие (педагогикалық) қызметі саласында:

- пәндерді оқыту процесстерін бастауыш білім беру бағдарламасына сәйкес іске асыру;

- пәндердің арнайы тақырыбын ескере және бағдарлама тарауларын оқыту жоспарына лайықты жоспарлау және өткізу;

- ғылыми дәлелденген тәсілдерді, пәндерді оқыту әдістері мен құралдарды, сонымен қатар техникалық оқыту құралдарын, ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану;

- пәндер бойынша оқыту нәтижелерін бағалауда қазіргі таңдағы құралдарды пайдалану;

- оқушыларды тәрбиелеу, сондай-ақ олардың рухани, өнегелі құндылықтарын, патриоттық көз-қарастарын қалыптастыру;

- оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында тұлғаның өз бетінше білім алуын дамыту;

- дамуында ауытқуы бар білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу;

- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;

- нақты тәрбие міндеттерін шешу.

Ұйымдастыру- басқару қызметі саласында:

- оқушылардың денсаулығын сақтау және қорғау мақсатында оқыту процессін тиімді ұйымдастыру;

- білім беру процессі барысында оқушылардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыздандыру;

- оқыту және тәрбиелеу нәтижелерін бақылауды қамтамасыздандыру;

- оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін және сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыру;

- мектеп және сынып құжаттарын жүргізу;

- сынып жетекшісінің қызметін орындау;

- мектеп ұжымын басқаруда және өзін-өзі басқаруға қатысу.

Сараптама- тұжырымдамалық іс-әрекет саласында:

- оқытуда және тәрбиелеуде жаңа технологияларды қолдана білу;

- оқыту процессінде эмпирикалық әдістерді пайдалана білу;

- зерттелетін саланың проблемаларын аргументтеу және шешу, ойды қалыптастыру үшін тақырыптық ақпараттарды жинауды іске асыру;

Білім беру саласында жетекші отандық педагогикалық тәжірибені зерттеу және жалпылау, сонымен қатар педагогикалық зерттеулердің әдістемелерін қолданудың халықаралық тәжірибесін зерттеу.

Әлеуметтік- педагогикалық қызмет саласында:

- оқушылардың әлеуметтенуіне көмек көрсету;
- оқушылардың ата-аналарымен қарым-қатынаста болу және де жанұя тәрбиесіне көмек көрсету.

Мәдени- оқу-ағарту саласында:

- оқушылардың жалпы мәдениетін қалыптастыру;
- «Мәңгілік ел» жалпы халықтық идеясын дамыту тақырыбында өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуді іске асыру.

1.2 Білім беру бағдарламасына сипаттама

5B010200 – «Бастауыш педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша бакалаврды дайындау деңгейі, оқыту жүктемесінің көлемі, білім беру мазмұнының талабына сәйкес аталған білім беру бағдарламасы Мемлекеттік жалпы міндетті жоғарғы білім стандарты бойынша, 23.08.2012 жылы №1080 ҚР Үкімет Қаулысы негізінде жетілдірілген.

«Білім беру» саласындағы маман түлектеріне 5B010200 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына арналған білім беру бағдарламасы негізгі құзыреттілігінің қалыптасуына жаңа үйлесімді ұсынады.

Білім беру бағдарламасы оқытушы ғылыми-зерттеу, технологиялық ұйымдастыру, өндіру мен басқару, тәрбиелеу, мәдени-ағарту жұмыстарын іске асыруға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы ұлттық жоғарғы білім жүйесін Болон процессіне бірігу мақсатында жағдай жасау және мүмкіндік беру, өйткені мұндай жағдай еуропалық және халықаралық білім алу кеңістігімен үйлеседі.

Аталған білім беру бағдарламасы ұлттық білім беру бағдарламасын әлемнің мойындауын, сонымен қатар оқушылардың академиялық мобильді болуын, профессорлық-оқытушы құрамын ұйымдастыру, сондай-ақ білім сапасын жоғары деңгейге көтерілуін қамтамасыз етеді.

Кәсіби бакалавриат 5B010200 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік құжаттары мен материалдары білім беру бағдарламасын жоғарғы оқу орындары кешенді пайдалануға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы мамандарды дайындаудағы жетік модель негізінде жетілдірілген, ол еңбек нарығының қажеттілігін және жұмыс берушінің талабын қамтамасыз етеді. Аталған модель бітірушілердің негізгі жетіктігін, арнайы кәсіптік қызметті орындау дайындығының деңгейін көрсетеді.

5B010200 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша кадрлерді дайындау келесі траекториялар бойынша жүзеге асады:

А. Білім беру мекемелеріндегі бастауыш сынып оқытушысы;

Б. Білім беру мекемелеріндегі бастауыш сынып педагог-психологы;

В. Білім беру мекемелеріндегі бастауыш сынып оқытушы-әдіскері.

Күндізгі оқу формасында МОБ-сын игеру, Мемлекеттік жалпы орта білім алу негізінде міндетті түрде жоғары білім алу ҚР 23.08.2012 жылғы №1080 Үкімет Қаулысымен бекітілген және 5B010200 – «Бастауыш педагогикасы және әдістемесі» 05.07.2016 ж. № 425 (2-қосымша «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген және оқу жоспарының үлгісі мамандығы, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша типтік оқу бағдарламаларының тізімі) «Жоғары және жоғары білімнен соң білім алудың типтік оқыту жоспарын Бекіту» туралы ҚР МОН Бұйрығымен бекітілген стандарты бойынша 4 жыл.

1.3 Мамандарды болашақта жұмысқа орналастыру

Түлек төмендегідей мекемелерде жұмысқа орналасуына құқылы:

- орта және арнайы мектептерде, колледж, гимназия, училищелерде, білім беру бөлімдерінде;
- орта кәсіби білім беру ұйымдарында (колледждер);
- ғылыми-зерттеу ұжымдарында (институттарда);
- мемлекеттік және мемлекеттік емес кеңселерде (кәсіби біліктілікті арттыру, баспаларда).

1.4 Бітірушілерге біліктілік сипаттамасы

1.4.1 Кәсіби қызмет саласы

5B010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесін» мамандығы бойынша білім бакалавры өз іс-әрекетін білім беру саласында, түрлі типті білім беру ұйымдарында оқу-тәрбиелеу процесін жобалау және әске асыру арқылы іске асырады.

1.4.2 Кәсіби қызмет нысаны

5B010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби іс-әрекетінің объектісі білім беру кеңселері болып табылады (жалпы білім беру мектептерінде бастауыш білім, педагогикалық колледждер, кәсіби біліктілікті арттыру институттары және кадрларды қайта дайындау, білім беру департаменті).

1.4.3 Кәсіби қызмет мәні

5B010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби іс-әрекетінің пәні жалпы білім беру мектептеріндегі педагогикалық процессі және білім беру кеңселеріндегі әдістемелік жұмыстар.

1.4.4 Кәсіби қызмет түрі

5B010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесін» мамандығы бойынша білім бакалавры төменде аталған кәсіби іскерлік түрлерімен айналыса алады:

- диагностикалық –оқушының тұлға ретінде қалыптасуын, оқыту, тәрбие, даму нәтижелерін зерттеу;
- ұйымдастыру-технологиялық (оқыту процесін ұйымдастыру және педагогикалық технология негізінде тәрбие беру);
- педагогикалық басқару («субъект-субъект» өз-ара іс-қимыл, білім берудегі менеджмент);
- жобалау (бастауыш мектептегі білім беруді модельдеу);
- ғылыми-зерттеу (білім берудегі проблемаларды шешуде творчестволық ізденіс, педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, рефлексия).

1.4.5 Кәсіби қызметтің функциялары

5B010200- «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызметінің функциялары болып табылады:

- «Мәңгілік ел» жалпы халықтық идеясын дамыту тақырыбында өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуді іске асыру;
- кіші мектеп оқушыларының субъективті қызметін ұйымдастыру және тұлғаның қалыптасу және даму процестерін басқару;
- педагогика және бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі саласында оқу-әдістемелік әдебиетті зерттеу, талдау және шығару;
- кәсіби және жеке өсу үшін өзін-өзі талдау және өзін-өзі қалыптастыру дағдыларын меңгеру.

1.4.6 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

Бакалаврдың кәсіби біліктілігінің қалыпты міндеті болып:

- оқушыларда жалпы оқу және арнайы білімнің қалыптасуы, Білім беру Мемлекеттік стандартына сәйкес пәндерді оқу, білу және дағдыландыру;
- бастауыш мектеп мұғалімінің базалық және негізгі құзыреттілігін қалыптастыру;
- тұлғаның әлеуметтік, эмоционалды-жігерлі, интеллектуалды, психологиялық және т.б. жетістіктерді дамыту;
- бәсекелестікке дайын және құзыретті тұлғаны тәрбиелеу.

1.4.7 Кәсіби қызметтің бағыттары

Маманның іс- әрекетінде келесідей бағыттар бар:

- психолого-педагогикалық болжам;
- педагогикалық процессті модельдеу және ұйымдастыру;
- жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу және қалыптастыру;
- өзіндік даму, өзіндік білімін жетілдіру, өзіндік жетілдіру;
- әлеуметтік институттармен байланыста болу;
- оқыту процессін жаңа ғылыми деңгейде ұйымдастыру.
- ғылыми зерттеулерді іске асыру;
- қосымша компьютерлік және басқарушылық дағдыларды қалыптастыру,
- Public speaking, Time management дағдыларын қалыптастыру.

1.4.8 Кәсіби қызмет мазмұны

5В010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру бакалаврының кәсіби құзіреті мен негізгі құндылықтары ретінде кәсіби қызметінің мазмұны:

Білім беру мекемелерінің бастауыш сынып мұғалімі: оқу және тәрбие берудегі заманауи технологияларды қолдана білу; педагогикалық шеберліктің, оның ерекшеліктері мен техникасының компоненттерін білу; алты жасар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының және даму заңдылықтарын білу; сыныпта және сабақтан тыс оқу уақытында оқушылардың мотивациясына негізделген түйінді құзыреттер қалыптастыра алу; кіші мектеп жасындағы балалардың шығармашылық ойлауын дамыту үшін бастауыш мектеп жасындағы балалармен жұмысты ұйымдастыру дағдыларын меңгеру; пәннің оқыту-тәрбиелік мәселелерін жүзеге асыру үшін тиімді әдістер мен тәсілдерді, сонымен қатар амалдарды қолдана білу; бастауыш мектептің этнопедагогика және педагогика санаттарын, әдіснамалық негіздерін білу; рефлексия, мақсатты тұжырымдау, диагностикалауды іске асыру арқылы педагогикалық іс-әрекетті өңдей білу; графикалық-каллиграфиялық жазу дағдыларының физиологиялық ерекшеліктерін анықтай білу; бастауыш сыныптарда оқу пәндерінің теориялық әдістемелер негіздерін білу.

Білім беру мекемелерінің бастауыш сынып педагог-психологы: педагогикалық шеберліктің компоненттерін оның ерекшеліктері мен технологияларын білу; алты жасар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының және дамуының заңдылықтарын білу; білім беруге және оқуға ынталандыру мақсатына бағдарланған тәсілдерді жүзеге асыра алу; оқушылардың ата-аналарымен қарым-қатынас орната алу, оларға отбасылық тәрбиеде көмек көрсету; бүкіл өмір бойы өзін-өзі тануға, өз-өзіне білім беру, өздігінен білім алуға және өзін-өзі дамытуға оқушыларды ынталандыру; кіші мектеп оқушыларын тәрбиелеу және оқытуда консультативтік тәсілдер мен технологияларды қолдана білу; сыни және шығармашылық ойлауды дамытудағы бастауыш мектеп жасындағы балалармен сабақ өту дағдыларын қолдану және ұйымдастыру; пән бойынша оқу-тәрбие мақсаттарын іске асыру үшін тиімді әдістер мен тәсілдерді, сондай-ақ оқыту құралын пайдалану мүмкіндігі; бастауыш мектептің педагогика мен психология санаттарының әдіснамалық негіздерін

білу; оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және ақпараттық іс-шаралар ұйымдастыру қабілетін меңгеру; мұғалімнің отбасымен жұмыс жасаудың негізгі бағыттарын білу; қолданыстағы оқулық және оқу құралдары, оқу бағдарламалары мен бастауыш білім беру стандарттарының құрылымы мен мазмұнын меңгеру.

Білім беру мекемелеріндегі бастауыш сыныптың әдіскер-мұғалімі: оқу және тәрбие берудегі заманауи технологияларды қолдана білу; педагогикалық шеберлік, оның ерекшеліктері мен технологиялар компоненттерін білу; іс-әрекет бағыты мен оқу пәндерін әдістемелік қамтамасыз ету принциптерін және әдістемелік тәсілдерді білу; ұйымдарда оқу үрдісін ұйымдастыру жүйесін; мекемелерде тәрбие жұмысының тиімді нысандары мен әдістерін анықтау, қорыту және тарату әдістемесін, оқу орындарының оқытушылары әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыру және мазмұны қағидаттарын білу; баспамен жұмыс жасау негіздерін; ақпараттық және әдістемелік материалдарды жүйелендіру принциптерін білу; әдістемелік, мультимедиялық кітапханаларда, білім беру орындарында, оқу-әдістемелік кабинеттердің әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыруды қолдана білу; оқушылардың білім алу, тәрбиелеу және даму нәтижелерін, тұлғалық дағдыларын зерттеу; кіші мектеп жасындағы балалардың шығармашылық ойлау және сабақ өту жұмыстарын ұйымдастыра білу; тиімді әдістер мен тәсілдерді, сонымен қатар пәннің оқу-тәрбиелік есептерін іске асыру үшін оқыту әдістерін қолдана білу; жан-жақты тәрбиені (физикалық, ақыл-ой, эстетикалық, моральдық) қалыптастыруды игеру; бастауыш мектепте алдыңғы қатарлы оқыту және тәрбиелеу тәжірибелерін тарату, салауатты өмір салтын сараптай, насихаттай білу; өз кәсібінде кәсіптік лексиканы сауатты пайдалана білу.

2 Оқыту нәтижесі және негізгі құзырет

Түлектің маңызды құзіреттері жалпы білімділік, әлеуметтік-этикалық құзіреттер, ұйымдастыру-басқару және кәсіби құзіреттеріне жалпы талаптар негізінде қалыптасады.

Дублин дескриптер оқыту нәтижесін ескере отырып 5B010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша білім бакалавры міндетті:

Білуге және түсінуге (**Дескриптор А**):

- көзқарасты және мәдени ойлау қабілеті жетік дамыған жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға әсерін тигізетін жаратылыстану ғылыми пәндері саласында базалық білімді;
- 6-7 жасар баланың қалыптасу және даму заңдылықтарын;
- бастауыш мектеп педагогикасының методологиясын және категориясын;
- төменгі мектеп оқушыларының негізгі жас ерекшелік анатомия- физиологиялық даму заңдылықтарын;
- баланың мектепте оқыту дайындығының ғылыми- теориялық мониторингісінің негізін;
- бастауыш білім берудің, жұмыс жасап тұрған оқу бағдарламалары, оқулықтары және оқу және әдістемелік қосымшаларының құрылымын және мазмұнын білуге;
- қазіргі таңдағы бастауыш мектепте оқыту талабына сәйкес оқытылатын пәндердің мақсаты мен міндетін;
- бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндерді оқыту әдістемесінің теориялық негізін;
- бастауыш мектеп мұғалімінің негізгі кәсіби-педагогикалық мәдениетінің құрамын;
- оқу пәндері бойынша білім алушылардың жетістіктерін критерилік және соммалы түрде бағалаудың теориялық негіздері;
- мұғалім, тәрбиеленуші және сынып жетекшісінің ұйымдастыру-басқару қызметінің теориялық негізі;
- бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің негізгі құзіреттері;
- компьютерлік сауаттылық негіздері, құжаттарды, бейнелерді қабылдау негіздерін;
- компьютерлік презентацияларды дайындау үшін дайындықты.

Білімін және түсінігін қолдану (**Дескриптор В**):

- педагогикалық іс-әрекетті модельдеу барысында, рефлекті, мақсат қою, диагностиканы жүзеге асыру;
- оқыту-тану іс-әрекетін ұйымдастыру;
- дәстүрлі және интернет желісі арқылы ғылыми-техникалық, ғылыми-педагогикалық ақпаратты іздену;
- заманауи ақпараттық технологияларын қолдану арқылы Ғаламтор жаһандық желісі көмегімен және дәстүрлі тасымалдаушылардағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық ақпараттарды іздеу барысында;
- заманауи ақпараттық технологияларды қолдану, ақпараттардың барлық түрлерімен жұмыс жасай ала білу, оны іздеуді, өңдеуді және сақтауды ұйымдастыра білу;
- «e-learning» электронды оқыту жүйесінде оқыту-педагогикалық іс-әрекетті жүргізу;
- педагогикалық мониторингі өткізу барысында, педагогикалық өлшеуіштер жүйесін және индикаторларды және бақылау-бағалау материалдарын қолдану барысында, алынған нәтижелерді интерпретациялау барысында;
- оқу материалдарын және оқыту нәтижелерін сыныптық жоспарлау барысында;
- білім беру саласындағы мемлекет саясатын іске асыру;
- қазіргі таңдағы компьютердегі жаңа программаларда жұмыс жасай білу;

- оқыту-тану іс-әрекетінде жас ерекшелігін және оқушылардың жеке қабілеттілігін ескеру;
- кәсіби-педагогикалық және әлеуметтік проблемалар мен міндеттерді шешу үшін тиімді шешім қабылдау;
- білім алушылардың психикалық және әлеуметтік жағдайын сақтауға бағытталған, оқу бейініне байланысты оқыту процесін жобалау және ұйымдастыру барысында;
- оқыту- тәрбиелеу жағдайын талдау.

Пікір қалыптастыру (Дескриптор С):

- педагогикалық ғылымның даму тенденциясы мен заңдылықтарына сәйкес қолайлы және тиімді шешім қабылдау;
- ғылыми теорияларды тексерудің эксперименттік және бақылаушылық тәсілдерінің нәтижелерін талдау қабілеті;
- оқыту процесі, тәрбие және оқушының тұлға ретінде дамыту жұмыстарын талдау;
- педагогика ғылымының қазіргі таңдағы даму тенденциясын зерттеу барысын бағалау;
- ақпаратты талдау және жалпылау қабілеті, сәйкес қорытынды жасау, әлеуметтік терминологияны дұрыс қолдана білу, педагогикалық қорытындыларды және ұсыныстарды есептерді дайындау, жұмыстарды жазу барысында түсінікті және қол жетімді тілде қалыптастыру;
- өтілген және қатысқан сабақарды әдістемелік талдау барысында;
- балаға педагогикалық мінездемені кәсіби сауатты құра білу, педагогикалық проблеманы тану, оны шеші жолдарын табу;
- өз ойын сауатты, еркін және қол жетімді қалыптастыра білу, қорытынды және жалпылау жасау;
- ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін өңдеу және бағалау;
- бастапқы ақпарат көздері материалдарын талдауды өзіндік түрде іске асыру;
- логикалық ойлай білу, қорытындылар қалыптастыру;
- әлеуметтік-педагогикалық практиканың теориялық-қолданбалы проблемаларын ойлау және аналитикалық бағалау;
- әлеуметтік альтернативаны таңдау жауаптылығы.

Құзыреттілік қабілеттілікті көрсету (Дескриптор Д):

- оқыту-танымдық іс-әрекетті оқушылардың жас ерекшелігі мен жеке қабілеттілігін ескере ұйымдастыру;
- жаңа технологиямен оқыту және тәрбиелеуді білу;
- конструктивті қарым-қатынас жүргізу дағдысын меңгеру;
- ұйымдастырушылық қасиеттерін меңгеру;
- ақпараттарды, идеяны, проблеманы және оның шешімін мамандарға сонымен қатар маман еместерге жеткізу қабілеті;
- әртүрлі категориялы жанұямен, әртүрлі жастағы балалармен әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді оптималды шеше білу;
- бастауыш мектеп балаларымен қорытындылау және шығармашылық ойлау қабілетін дамыту сабақтарын ұйымдастыра және өткізе білу;
- білім беру нысандарында және педагогикалық іс-әрекетте бағдарлама, жоба, оқыту-тәрбиелеу іс-шараларының жоспарларын жасау, іске асыру, оларды психологиялық қамтамасыздандыру, педагогикалық процесстер дағдыларын игеру;
- бастауыш мектепте педагогикалық процесстің инновациялық технологияны қолдануды игеру;
- оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда құзіретті болу;
- оқушыларды өзін-өзі тануға, өзін-өзі қалыптастыруға, өзін-өзі тәриелеуге және өзін-өзі дамытуға ынталандыру;

- оқушыларды рухани-әдептілікке, патриоттық, экологиялық, денсаулық сақтау тәрбиесін ұйымдастыру және жүргізуде құзыретті болу;
- логикалы ойлау, нәтижелерді тұжырымдау, қорытынды жасау;
- әлеуметтік- педагогикалық тәжірибеде теориялық-қолданбалы проблемаларды аналитикалық бағалау және ұғыну;
- өз бетімен түп деректердегі басылымдардағы материалдарды сараптау;
- мектепке дейінгі, жалпы орта, бастауыш, кәсіби және орта кәсіби білім беру нысандарындағы іс-әрекеттерді қатар алып жүру әдеті;
- демократиялық қоғамның мұраты мен құндылықтарын ажырата білу қабілеті.

Оқыту әдеті мен оқу қабілеті (Дескриптор Е):

- керек материалды келешекте өзінің кәсіби қызметінде пайдалану мақсатымен өз бетімен оқу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстардың нәтижелерін бағалау және өңдеу;
- негізгі оқыту әдістерін, сабақ жоспарын түзу, оқыту сабақтарын қорытындылау және сараптау дағдысын игеру;
- оқушыларды өмір бойы өзін-өзі тануға, өз бетімен білімін жоғарылатуға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға мотивациялау;
- мамандық бойынша оқытуда оқыту процессін жобалау және ұйымдастыру, сонымен қатар оқушының психологиялық, әлеуметтік жағдайы қолайлы болуын қамтамасыз ету;
- өз іс-әрекетін және рефлексиясын дұрыс бағалай білу қабілеттілігі;
- керек ақпаратты таңдау, талдау, өңдеу, сақтау және оны басқаларға жеткізу қабілеттілігі;
- өз бетімен білім алу және еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыру қабілеті;
- күнделікті кәсіби қызмет үшін және магистратурада білімін жалғастыру үшін қажет жаңа білімді меңгеру дағдыларын меңгеру;
- кәсіби және жеке тұлғалық өсуге ұмтылу.

5B010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша білім бакалавры **құзыретіне ие болу керек:**

Әмбебап құзыреттер (ӘҚ):

ӘҚ-1 Тілдер саласында құзырет

- Мемлекеттік, орыс және шет тілін меңгеру.
- Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде сауатты түсіндіре білу.
- Ағымдағы құжатты мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде сауатты құрастыра білу.
- Конструктивтік сұхбат құра білу және дағдылану, қоғамда полимәдениетті, политикалы және көпконфессиональді араласу, педагогикалық қызмет істеуге қабілетті болу.
- Кәсіби халықаралық сұхбатта қалыптасқан мамандандырылған терминология аясында коммуникация құралы ретінде шет тілін игеру.

ӘҚ-2 Компьютерлік құзырет

- Заманауи техниканы қолдана білуде машықтануға қабілеттілігі.
- Кәсіби қызметі саласында бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпараттық технологиямен қолдана білу қабілеттілігі.
- Заманауи ақпарат және ақпараттық технология құралдарын игеру.
- Керекті ақпаратты іздеу, талдау және іріктеу, оны өзгерту, сақтау және қайта жібере білуді меңгеру.
- Ақпарат және білімді интерактивті қолдана білу.

- Негізгі ақпараттық құралдар мен жолдары, әрекеттестікті, ақпаратты алу, сақтау, өңдеу, түсіндіруді меңгеру, ақпараттық-коммуникациялармен технологиялармен жұмыс істеуге машықтану; ақпаратты жинақтау және қабылдауға қабілетті болу, оған жетудің жолы мен мақсатын белгілеу.

ӘҚ-3 Оқу құзыреті

- Оқуға қабілетті болуы және жаңа білімді табиғи-ғылымдық және техникалық пәндер саласынан алу, білімді кәсіби деңгейде қолдану және түсіну.
- Күнделікті кәсіби қызметке және ары қарай білім алуды жалғастыруға қажетті жаңа білімді алуға машықтана білу.
- Әр түрлі дерек көздерінен ақпаратты табу, өңдеу және талдай білу.
- Ақпараттың сенімділігі мен дәйектігін бағалауға қабілетті болу және соның негізінде әрекет ету.

ӘҚ-4 Әлеуметтік құзырет

- Қазақстан Республикасының нормативтік актілері мен мемлекеттік жобаланған құжаттарды өз қызметінде қолдануға қабілетті болу.
- Қазақстан Республикасының негізгі заңдылықтары мен құқықтық жүйесін білу.
- Қоғамның әлеуметтік дамудағы беталысын білуге қабілеттілік.
- Өз қызметінде нормативтік және құқықтық құжаттарды қолдана білуге қабілеттілік.
- Мәселелерді анықтау, қалыптастыру және шешуге қабілетті болу.

ӘҚ-5 Этикалық құзырет

- Базалық мәдениет құндылықтарын түсіну және сақтау, азаматтық және адамгершілік қасиеттерге ие болу.
- Этикалық нормаларға сәйкес әрекет етуге қабілетті болу.
- Басты кәсіби қасиеттерге ие болу, жұмыс беруші тарапынан болған барлық заманауи талаптарға жауап беру.
- Іскерлік этика нормасын сақтауға қабілетті болу, өзін ұстауда этикалық және нормалық қасиеттерге ие болу.
- Әр түрлі әлеуметтік жағдайларда бағдарлануға қабілеттілік.
- Кәсіби этикалық талаптарды білу және осы талаптарға сәйкес әрекет етуге дайын болу; этикалық өзін ұстауда артқа шегінбеуге қабілетті болу, өзге тұлғаларға да қатысты солай әрекет ету; этикалық өзін ұстау ережесін сақтауда азаматтық жауапты және талап етуші бола білу.

ӘҚ-6 Кәсіпкерлік және экономикалық құзырет

- Экономиканың мемлекеттік сектордағы орнын білу, экономиканың мемлекеттік реттеу әдістері мен мақсатын түсіну, білу.
- Негізгі экономикалық түсінік болу, қаржы, маркетинг және менеджмент туралы түсінік болуы.
- Инновациялық қызметке қабілетті болу.
- Ресурс қажеттіліктерін бағалауға қабілетті болу және оларды кәсіби мәселелерді шешуде қолдануды жоспарлай білу.
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануға қабілетті болу.
- Кәсіпкерлікке және ықылас танытуға қабілетті болу.

ӘҚ-7 Ұйымдастырушылық-басқарушылық құзырет

- Ықылас таныта білу және мәселені ұйымдастырушылық-басқарушылық шешім таба білу.
- Ұйымдастыруға және жоспарлауға қабілетті болу.
- Қоршаған ортаны күзетуге және қорғау сұрақтарына жауапкершілікпен қарау.

- Мақсат қоя білу және оған жетуге қабілетті болу.
- Өзара әрекеттестікке ықылас таныту және нәтижесіне жауапкерлікпен қарауға қабілетті болу.
- Өмірдің және қызметтің әр түрлі салаларында алынған қабілеттілік пен білімді қолдана отырып жаңа идеяларды туғызу және оларды жүзеге асыру.
- Қоршаған ортаны басқару және түсінуге, мәселені шешуге және мәселелерді шеше білуге қабілетті болу.
- Ақпараттық жүйемен және мәліметтермен жұмыс істеуге қабілетті болу.

ӘҚ-8 Коммуникациялық құзырет

- Топта жұмыс істей білу, өзінің көзқарасын нақты білдіру және жаңа ұсыныстар жасауға қабілетті болу.
- Жанжалды шеше білуге және келіссөздер жүргізуге қабілетті болу.
- Ұжым мен өз пікірін ұштастыра білу, мәмлеге келуге қабілетті болу.
- Шешім қабылдауға және өзіне жауапкершілік алуға қабілетті болу, бірлесіп шешім қабылдауға қатысу.
- Ұжымның жұмысына дайын болу, өзінің шығармашылық міндеттерін орындау және ұжымның басқа мүшелерімен араласу.

ӘҚ-9 Құндылықтар мен халықаралық мәдени құзырет

- Өзге мәдениет және дін өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау.
- Өлемнің өзге халықтарының салтына және мәдениетіне шыдамды болу.
- Ұлттық мәдениет құндылықтарын сезіну, тарихи мұраға және мәдени салт-дәстүрге құрметпен және ұқыптылықпен қарым-қатынас жасау.
- Әр түрлі этномәдениет және діндерге шыдамды болу.
- Қоғамдық пікірге, салтқа, дәстүрге, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-мәдени құндылықтарды білу және өз қызметінде қолдануға бағыт алу.

ӘҚ-10 Үдемелі ауысушы динамизм мен белгісіздік жағдайында географиялық және әлеуметтік мобильділікке, әлеуметтік, экономикалық және кәсіби рөлдердің ауысуына дайын болу

- Заманауи ақпараттық ағымға бағдар алуға қабілетті болу және әлемдік экономикалық үрдістерге және динамикалық өзгерістер пайда болуға бейімді болу.
- Өз қызметіне байланысты әр түрлі жағдайларда икемді және мобильді болу.
- Қауіпті және белгісіздік жағдайда экономикалық және ұйымдастырушы сипатта шешім қабылдауға қабілетті болу.
- Жиналған тәжірибені сыни қабылдау және қайта ойлау, оны өзінің әлеуметтік және кәсіби қызметінде қолдану.
- Халықаралық салада өз қызметін өндірістік және қолданбалы жүзеге асыруға қабілетті болу.
- Жаңа әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени жағдайларға қабілетті болу.
- Жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті;
- Өзгерістерге икемді жауап беру және өзіне қисынды тәуекелділік алу.

Кәсіби құзыреттер (КҚ):

КҚ-1 Дидактикалық құзыреттілік

- Білім беру саласындағы негізгі нормативті құжаттарда және білім беру нысандарының жұмысын ұйымдастыру мен басқаруын білу.
- Педагогикалық процестерді жобалау, өткізу, зерттеу және талдау әдістерін білу және түсіну.

- Оқу процесін оның түрлі формаларында ұйымдастыра білу: индивидуалды және топтық қызмет, командалық жұмыс, жұптасқан жұмыс және сол секілді.
- Бастауыш мектепте көрнекі білім беру әдістерін қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру тәсілдерін сауатты меңгеру.
- Өзіндік жұмысқа және зерттеу дағдыларына ынтаны дамыту.
- Бастауыш оқушыларын оқыту және тәрбиелеу мазмұнын, принциптерін, формаларын, әдістерін білу.
- Алға қойылған мақсат және міндеттерге сәйкес қолданбалы әдістер мен технологияларды сауатты қолдану.
- Психологиялық болмысты түсіндіруде диалектикалық әдісті шығармашылдық қолдану және заңдылықтарды анықтау, оқушылардың ғылыми көзқарастарын мақсатты және жоспарлы қалыптастыру жүйесін пайдалану.

КҚ-2 Оқыту-тәрбиелеу құзыреттілігі

- Оқыту процесін тиімді ұйымдастыру, сабақтың сипаттамасы ретінде оның екі негізгі белгісі бойынша дұрыс құрастыру: негізгі міндеті және оқушылардың жұмыс істеу формасын ұйымдастыру.
- Психологиялық-педагогикалық білім мен тәрбиенің мақсаты мен міндетін білу.
- Оқытатын материалдың дұрыс құрылуы, өткізілуі, бекітілуі; сабақты ұйымдастыру және жүргізу машықтығы және өткен сабақтарды қайталау.
- Бастауыш мектеп оқушыларын оқыту процессінде, бастауыш сынып оқушыларын оқыту, тәрбиелеу және тұлғаны дамыту мақсатын ұстану.
- Оқушыларға әлеуметтік және кәсіби бағдар алуына көмек көрсету.
- Саяси-қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық процесстерінің өзгерулеріне байланысты кәсіби іс-әрекеттегі тенденцияларды анықтау және ескеру.
- Оқушылардың сабақтан тыс дамуын білім беру мен оқытудағы психологиялық-педагогикалық талаптарға сай ынталандыру.
- Өз іс-әрекетіне жетілдіру мақсатында талдау жасау.
- Оқушылар ұжымын ұйымдастыру және басқаруын машықтау.
- Қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қолданбалы әдістер мен технологияларды сауатты пайдалану.
- Оқушылардың сабақ және сабақтан тыс уақытында оқу-тану іс-әрекетін мотивациялау негізінде негізгі құзыреттілікті қалыптастыру.
- Компьютерлі және коммуникативті сауаттылықты игеру.
- Жүйелілік, кешенділік принциптерін ескере отырып сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау.
- Нақты тәрбие міндеттерін конструктивті шешудің тәсілдері мен әдістерін меңгеру.
- Бастауыш мектептерде педагогикалық процесс барысында инновациялық технологияларды пайдалану.
- Жазу үлгісінде графикалық-каллиграфиялық дағдының қалыптасуында психофизиологиялық ерекшеліктерді анықтай білу.
- Мектеп курсы бойынша оқу материалының мазмұнын жақсы білу.

КҚ-3 Академиялық құзыреттілік

- Бастауыш мектепте оқыллатын пәндер және олардың бастауыш мектепте оқыту әдістерін, оқушылар физиологиясы, педагогикасы, психологиясының теориялық негіздерін білу.
- Проблемаларды шешу барысында шарттар мен факторларды талдау, қорытынды жасау, іс-әрекет жоспарын құру, өз іс-әрекетін, оның бас және екінші дәрежесін ерекшелене оңтайландыру.
- Өз құзыреттілігінің шегін анықтау, өз мүмкіндігіне баға бере алу және басқа салалас

мамандармен бірге (дефектолог, психолог әлеуметтік педагог, дәрігер, т.б.) өз-ара әрекет ету.

- Білімді құру, жүйелеу қабілеттілігі және оларды әртүрлі әдіспен көрсете білу.
- Деректемелерден, басылымдардан алынған материалдарды өз-бетімен талдау қабілеттілігі.
- Қазіргі таңдағы ғылымда педагогтың рөлінің маңыздылығын түсіну.
- Ақпаратты талдау және қорытындылау, қажетті нәтижелену, арнайы терминологияларды тиімді пайдалану, психологиялық кепілдемені түсінікті және жетімді тілмен тұжырымдау.
- Нәтиже көрсеткіштерін ерекшелеу, талдау-болжау іс-әрекетінде өз-өзін талдау және өзін-өзі коррекциялау, алынған көрсеткіштерді интерпретациялау, өз іс-әрекетін рефлекстеу.
- Ақыл-кеңес беру және техниканы пайдалану тәсілін пайдалану.

КҚ-4 Тұжырымдау (кәсіби) құзыреттілік

- Ғылыми-теориялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-теориялық білім негізінде педагогикалық, пәндік-теориялық құзыреттілікті қалыптастыру.
- Оқу пәндерін теориялық зерттеу мен оқыту технология процессінде эмпирикалық білімнің қалыптасуы.
- Жобалау және болжау шеберлігі.
- Педагогикалық процессте білімін практикада қолдану және дағдылану, негізгі және пәндік құзыреттілік.
- Ұжымда және командада жұмыс істей алу.
- Өз бетінше дидактикалық материалдарды дайындау, бастауыш мектептерінде оқыту процессінде техникалық құрал-жабдықтарды пайдалана білу.
- Әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекелестікке дайын құзыретті кадрларды дайындау барысында ұлттық білім беру моделін қалыптастыру және дамыту.
- Жеке тұлғаны қалыптастыру: өз бетімдік, жауапкершілік, жинақы болу, мақсатты және т.б.
- Өткізілген және қатысқан сабақтардың нәтижелерін талдай білу қабілеті.
- Психологиялық-педагогикалық білімді іздеу, қалыптастыру, құрылымдау және жүйелендіру әдістерін меңгеру.
- Меңгерілген білімді логикалық және кезекті таныстыра білу қабілеті.
- Оқу-тәрбие және сыныптан тыс іс-шараларды өткізу барысында Public Speaking дағдыларын меңгеру.

КҚ-5 Жүйелік құзыреттілік

- Рефлексия, мақсаттану, диагностиканы іске асыра педагогикалық іс-әрекетті модельдеу қабілеттілігі.
- Оқушылардың жас ерекшелігі мен жеке қабілетін ескере отырып оқу-тану іс-әрекеттерін ұйымдастыру қабілеттілігі.
- Оқытуда және тәрбиелеуде жаңа технологияларды пайдалану.

КҚ-6 Зерттеу құзыреттілігі

- Негізгі психологиялық- педагогикалық ақпаратты түсіну, сын көзін тұжырымдау және пайдалану қабілеттілігі.
- Педагогикалық және әлеуметтік коммуникациялы болу қабілеттілігі.
- Профилизация және жеке білім алу траекториясында алынған арнайы білімін пайдалану қабілеттілігі.
- Әлемдік білім алу кеңістігіндегі проблемалардан хабардар болу және ұлттық білім беру моделін іске асыру жұмысы.

- Педагогикалық зерттеулердің методологиясымен әдістерін білу.
- Зерттеу тақырыптарына аннотация, шолу, реферат және библиографиялық тізім жасай алу.
- Гносеология, методология, педагогика, психология саласын жақсы меңгеру, ақпаратты дұрыс пайдалану және игеру психологиялық-педагогикалық диагностика, тұжырымдау, синтез негізінде кешенді мониторинг өткізе білу, педагогикалық рефлексияға қабілеттіліктің болуы, зерттеу мәдениетін әрдайым жоғарылатуға талпыну.
- Эксперименттік-зерттеу жұмыстары нәтижелерін есептер, ғылыми баяндамалар, ғылыми мақалалар, әдіс-емелік қосымшалар түрінде стилистикалық сауатты рәсімдеу.
- Педагогика және дидактика саласында эксперименттік-зерттеу жұмыс нәтижелерін позитивті ендіру қабілеті.

КҚ-7 Бақылау күзіреттілігі

- Педагогикалық менеджмент, педагогикалық мониторингті өткізу қабілеттілігі, педагогикалық өлшеу индикаторларының жүйесін әзірлеу, бақылау-бағалау материалдарын әзірлеу, алынған нәтижелерге түсіндірме беру, өзін-өзі сайма-сай бақылау және қадағалау, әділетті және объективті білімдерді игеру.
- Бақылау-бағалау материалдарын жасау, алынған нәтижелерді интерпретациялау, дұрыс өзін-өзі бағылау және өзін-өзі бақылауға ұмтылу, әділеттілік пен объективтілікке ұмтылу қабілеті.
- Білім беру ұйымы қоятын мақсаттар мен міндеттер шеңберінде сенімді ұжымның еңбек және оқу қызметі процестерін өзіндік түрде басқару және бақылау қабілеті.
- Кешенді педагогикалық мониторингті жүйелендіру қабілеті.

КҚ-8 Бағдарламалық күзреттілік

- Теориялық сабаққа материалдар таңдау әдісін меңгеру.
- Сабақ және сабақтан тыс іс-шараларды жоспарлау әдісін меңгеру.
- Оқу-тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу барысында Time management әдістерін меңгеру.
- Пәндердің, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білім жүйесін меңгеру, әлеуметтік-педагогикалық нақты жағдайды ескере отырып кәсіби іс-әрекетте теориялық білімін икемді машықтау.
- Педагогикалық іс-әрекет нәтижелеріне жауапты және педагогтың кәсіби жауапкершілігі екенін сезіну.

КҚ-9 Дамыту күзіреттілігі

- Педагогикалық антропология саласындағы жаңа білімді меңгеру, жоғары дәрежелі педагогтардың тәжірибесін зерттеу, қорытындылау, тарату және қолдану, педагогикалық іс-әрекетке мотивациялау, өз бетімен білімін жоғарылату және өзін-өзі тану.
- Табиғаттың, қоғамның, ойлаудың даму заңдылықтарын білу және оны кәсіби іс-әрекетте пайдалану; әлеуметтік- маңызды құбылыстарды, оқиғаларды, процесстерді тұжырымдау және бағалау; сандық тұжырымдау және модельдеу, теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерін меңгеру.
- Кәсіби қызметті іске асыру және магистратурада білімді жалғастыру, сонымен қатар көшбасшылық қасиетті дамыту үшін қажетті жаңа білімді және дағдыны меңгеру дағдыларын меңгеру.

КҚ-10 Креативтік құзыреттілік

- Психологиялық, шығармашылық, творчестволық іс-әрекеттердің теориялық негізін, кәсіби іс-әрекеттерді біліктілік пен дағдылықпен өзгертіп отыру, білім беру саласында авторлық жаңашыл идеяны іске асыру, стандартты емес, альтернативті шешімдер табу,

педагогикалық идеялардағы жаңашылдықты туындату, сын көзбен ойлау білімдерін меңгеру.

- Абстракты ойлау, тұжырымдау және синтездеу қабілеттілігі.
- Инновациялық өлшеу.
- Белсенді өмірлік жайғасым.

КҚ-11 Ұйымдастыру- әдістемелік құзыреттілік

- Білім беру саласындағы нормативті және құқықтық құжаттарды, оқыту-нұсқамалық құжаттарды ағымдағы оқыту- ұйымдастыру құжаттарын (дидактикалық, бақылай-өлшеу материалдары және т.б.) әзірлеу машықтығы, ұйымдастыру қабілеттілігі, жоғары дәрежедегі тәртіп сақтау қабілеттілігі.

- ҚР құқықтың жүйесінің негізі мен заңнамаларын білу.
- Нақты бір сабақ немесе іс-шараның мақсаты және типіне сәйкес оқу материалдарын жоспарлау.
- Сабақ немесе іс-шара (сабақтар сериясы немесе іс-шаралар кешені) жоспарын іске асыру мақсатында өз қызметін және оқушылардың қызметін ұйымдастыру.
- Бақылаудың әдістемелік мақсаттарын анықтау (диагностикалық, түзетушілік, оқытатын, бақылайтын).
- Өткізілген талдау негізінде оқу процесіне сәйкес түзету жұмыстарын енгізу.

2.2 Компетенция дескрипторларын білім беру бағдарламасының модульдеріне оқыту нәтижесімен түйіндісіру қалыптамысы

Модуль атауы	Құзыреттер	Пән атауы	Оқыту нәтижелері
I. Жалпы модульдері			
Қазіргі әлемде коммуникация негіздері	ӘҚ1, ӘҚ3, ӘҚ4, ӘҚ5, ӘҚ8, ӘҚ9, ӘҚ 10, КҚ1, КҚ2, КҚ3, КҚ4, КҚ5, КҚ 10, КҚ 11,	Қазақ (орыс) тілі	<p>A. Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілінің грамматикасын, фонетикасын және морфологиясын білу, кәсіби деңгейде сөйлесу үшін арнайы мамандандырылған терминдерді білу; ақпаратты автоматтандыру арқылы өңдеудің негізгі қағидаларын білу, мәселені шешу алгоритмін білу, ақпаратты қамтамасыз етудің негізгі әдістері мен қауіптіліктерін білу;</p> <p>B. Ақпаратты іздеу мен сақтау үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану, іс жүргізудің автоматтандырылған жүйелерін қолдана білу, ақпаратты қорғау мен қолдану әдістерін білу, кәсіби білімді арттыру мақсатында электронды оқыту жүйелерінің түрін білу; негізгі кеңселік қағаздармен, деректі қағаздармен жұмыс жасауды білу мен дағдылану, ақпаратты іздестіру мен өңдеуде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану, тәжірибеде коммуникация құралдарын мамандандырылған кәсіби терминологиялармен халықаралық қоғамда қолдану, сонымен қатар интерактивті білім мен ақпараттық байланыстарды пайдалану;</p> <p>C. Кәсіби аймақта және күнделікті өмір сүруде пайда болатын жайттарға байланысты ақпаратты үш тілде зерттеу және негізгі факторлар мен шарттарын анықтай алу; максималды тиімділікке жету мақсатында ғылым және қоғам заңнамаларына сай шешім қабылдай білу;</p> <p>D. Адамдармен араласу кезінде құрылымдық байланыс түрін мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орнату, ауызша және жазбаша түрде әңгімелесу мен келісім – шарттарды құру; түрлі сұхбаттама түрлерін жүргізу: сұхбат – алмасу ойлары, сұхбат-әңгімелесу; кәсіби маңызды мәселе бойынша бос әңгімелесулерді жүргізу; күнделікті және кәсіби өмірдегі оңай ақпараттық хабарламаларды түсіну, ақпараттық хаттардың негізгі мәтіндерін түсіну, зерттелетін тақырып бойынша әңгімелесулерді жүргізу; тілді дамытушылардың сұхбаттама мен монологиялық сипаттағы түпнұсқалық сөздерін тыңдау мен түсіну, мәтінді оқу және максималды нақты түрде ұғыну, ақпараттарды таңдау алу мен ақпараттарды тарату;</p> <p>E. Заманауи білім алу технологияларын қолдану негізінде өз бетінше және білім тапсырарын меңгеру оқи алу тиімділігі және</p>
	ӘҚ1, ӘҚ2, ӘҚ3, ӘҚ 10, КҚ1, КҚ2, КҚ3, КҚ4, КҚ5, КҚ 10, КҚ 11,	Шет тілі	
	ӘҚ1, ӘҚ2, ӘҚ3, ӘҚ6, ӘҚ7, ӘҚ 10, КҚ2, КҚ3, КҚ4, КҚ5, КҚ 10, КҚ 11,	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	
	ӘҚ1, ӘҚ2, ӘҚ3, ӘҚ 10, КҚ2, КҚ3, КҚ4, КҚ5, КҚ 10, КҚ 11,	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	
	ӘҚ1, ӘҚ3, ӘҚ4, ӘҚ8, ӘҚ9, ӘҚ 10, КҚ2, КҚ3, КҚ4, КҚ5, КҚ 10, КҚ 11,	Кәсіби бағытталған шет тілі	
	ӘҚ1, ӘҚ3, ӘҚ5, ӘҚ8, ӘҚ9, ӘҚ 10, КҚ2, КҚ3, КҚ6, КҚ 10, КҚ 11,	Тілдік іс-тәжірибе	
Әлеуметтік ғылымдар модулі	ӘҚ3, ӘҚ4, ӘҚ5, ӘҚ9, КҚ3, КҚ4, КҚ6, КҚ 10, КҚ 11,	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	<p>A. Қоғамдық және әлеуметтік ғылым аймағында негізгі оқытуды үйрету, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған көлемді оқыту жүйесінде берілген модуль құрамына кіретін пәндердің болуын қадағалау, Қазақстанның өркениет жолындағы мәдениеттік орны және негізгі мәдениет құндылықтарына үйрету; ҚР негізгі заңнамаларын білу, өмірлік іс-әрекеттерін қауіпсіз ету аймағындағы нормативтік актілерді білу, қоршаған ортаны қорғау, табиғат және қоғаммен байланысты негізгі заңнамаларды білу, экономикалық процестерді дамыту заңдылықтарын білу; әлемді тану сипатындағы негіздемелерді түсіну мен білу, табиғи, қоғамдық және экономикалық құбылыстар мен құқықтық нормаларды білу.</p> <p>B. Ғылыми тарихи зерттеулер мен әлеуметтік - қоғамдық сипаттағы зерттеу жұмыстарын жүргізуде, білім беру аймағындағы саясатты жүзеге асыру мақсатында өз білімдері мен дағдыларын пайдалана алу, қоғамдық-саясаттану және әлеуметтік процестерді дамыту үрдісіне кіретін тәжірибеде өз білімін пайдалану және кәсіби қызмет түрін анықтау мен ескеру қабілеттілігін анықтау; құқықтың тәжірибелік мағынасын ұғыну, құқықтық салаларды білу, ТЖ адамдарды қорғау мақсатында қауіпсіздік шараларын жүргізу; электронды техниканы қолданудың және ақпараттың негізгі түрін пайдалану мен мәліметтерді өңдеудің практикалық дағдыларын меңгеру.</p> <p>C. Жеке басының қызметі мен рефлексін бағалау қабілеттілігі, отандық әлеуметтік баламаны таңдауда өзінің ойын білдіру қабілеттілігі, қоғамдық, әлеуметтік пәндер аймағында өз ойын білдіру, жоспарын бағалай білу және де шешімдерін қорытындылау қабілетінің болуы; табиғат ресурстарын дұрыс пайдалану және экологиялық жайттарды сипаттау; экологиялық және экономикалық жүйелерді критикалық тұрғыда мағынасын түсіну; қарапайым жоспарды жобалау барысында және күнделікті жұмыс үшін құжаттардың электронды нұсқасын құрастыру барысында компьютерлік техниканы қолдана білу қабілеті; компьютерлік техниканың конфигурациясын сауатты тандай білу қабілеті.</p> <p>D. Мәдениеттің жоғары деңгейін меңгеру, пікірталаста өз дәлелдемелеріне айқын болуы мен өзгелерді өзінің ойына сендіру, сонымен қатар өз ойларын әлеуметтік-қоғамдық тақырыптарында жеткізе білу. Ауыздан-ауызға тарайтын ақпараттардың мәнін жоғалтпай тиімді жеткізе білу, тұлғааралық байланысуды құру; құқықтық актілерді заңды түрде сауатты айтып беру, экономикалық құбылыстар және процестерді пайда ету түрлері мен негізгі өзектіліктерін жүйелей білу; кәсіби міндеттерді шешу үшін заманауи техника құралдарын және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу қабілеті.</p> <p>E. Қажетті материалды жеке зерттей білу, ары қарай оқуға қажетті ғылыми-зерттеу жұмысын өңдеу мен бағалау. Өмір сүру барысында өзін өзі тану, өзін өзі тәрбиелеу, өзіне өзі білім беру және өзін өзі дамыту туралы уәждемені құру, аса жоғары қызметтік және жарғұлай кәсіби білімі мен мүмкіншіліктері негізінде туындаған мәселелерді тез шешуге бейімделу, қазақ мәдениеті (менталитет), қазақстандық рухани бағалары мен мәнінде өзінің кәсібі – мобилизациялау қасиеттерін көрсету мен жүзеге асыру, сонымен қатар басқа да мәдениет саласында және білім беру аймақтарында өзінің кәсіптілігін көрсете білу; жаңа білім алу мақсатында оқу қабілеттілігі, математикалық, табиғаттық құқықтық және экономикалық ғылым саласында оқу және алған білімдерін кәсіби қызмет саласында қолдана білу. Өзін-өзі дамытуға, біліктілікті көтеруге және кәсіби шеберлікті</p>
	ӘҚ3, ӘҚ4, ӘҚ9, ӘҚ 10, КҚ3, КҚ4, КҚ6, КҚ7, КҚ8,	Философия	
	ӘҚ3, ӘҚ4, ӘҚ7, ӘҚ9, ӘҚ 10, КҚ3, КҚ4, КҚ6, КҚ7, КҚ8, КҚ 10, КҚ 11,	а) Саясаттану және әлеуметтану	
	ӘҚ1, ӘҚ5, ӘҚ9, ӘҚ 10, КҚ2, КҚ3, КҚ4, КҚ6, КҚ7, КҚ8, КҚ 10, КҚ 11,	б) Мәдениеттану	
	ӘҚ1, ӘҚ4, ӘҚ5, ӘҚ9, КҚ3, КҚ4, КҚ5, КҚ6, КҚ7, КҚ8, КҚ9, КҚ 10,	в) Мәңгілік ел	
	ӘҚ2, ӘҚ3, ӘҚ4, ӘҚ7, ӘҚ 10, КҚ2, КҚ3, КҚ5, КҚ8, КҚ 10,	а) ТҚН, экология және тұрақты даму	
	ӘҚ2, ӘҚ3, ӘҚ4, ӘҚ7, ӘҚ 10, КҚ1, КҚ3, КҚ4, КҚ5, КҚ7, КҚ8, КҚ9,	б) Еңбекті қорғау	
	ӘҚ2, ӘҚ3, ӘҚ4, ӘҚ6, КҚ1, КҚ2, КҚ4, КҚ6, КҚ8, КҚ 10, КҚ 11,	в) Саламатты Қазақстан	
	ӘҚ2, ӘҚ3, ӘҚ4, ӘҚ6, ӘҚ7, ӘҚ8, ӘҚ 10, КҚ3, КҚ9,	а) Жетістік философиясы	
	ӘҚ1, ӘҚ3, ӘҚ5, ӘҚ6, ӘҚ8, ӘҚ 10, КҚ4, КҚ6, КҚ7, КҚ 10, КҚ 11,	б) Құқық негіздері	
	ӘҚ2, ӘҚ3, ӘҚ6, ӘҚ7, ӘҚ 10, КҚ2, КҚ3, КҚ4, КҚ5, КҚ 10, КҚ 11,	в) Медиация негіздері	

II. Мамандық модульдері		
Мамандықтың базалық модульдері		
